

# ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

## Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған іс-шаралар жалғасуда

**Биылғы жылы Қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр.**

Алаш ардақтысының бұл жолғы мерейтойы облыс көлемінде кең ауқыммен тойлануда. Біздің ауданымызда да ұлт ұстазының мерейтойына орай мағыналы іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Зұлқарнайұлы Мұса қажы мешітінің бас имамы Еркебұлан Жаңбырбайұлы бастаған топ Қасқат ауылына ат басын бұрды. «Юбилейный» мәдениет үйі, аудандық орталық кітапханасының және Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері Ахмет Байтұрсынұлының жары Бәдрисафа Мұхаммедсадыққызы Байтұрсынұлованың басына барып, Құран бағыштады. Тарихқа тоқталып, өткен күнге көз жүгіртті. Жерлесіміз Серік қажы Омаров жиналғандарға тағылымды әңгіме өрбітті.

Алаш ардақтысы, ұлт-



Өткенді ұлықтаған топ Бәдрисафа анамыздың ескерткішіне тағзым етті

тың рухани ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының аяулы жары Бәдрисафа Мұхаммедсадыққызының ескерткіші Меңдіқара ауданы, Қасқат ауылының маңындағы қорымда орнатылған.

Бәдрисафа Байтұрсынұлова ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы алдыңғы қатарлы тұлғалармен бірге

заманның басына түскен ауыртпалығы мен қиыншылығын бастан кешірді. Оның есімі Алашорда қайраткерлерінің тізімінде болған жоқ. Бірақ ол көрнекті ғалым және саясаткер, Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының тағдырында үлкен рөл атқарып,

өмір бойы оның айнымас серігі болған екен.

Мағынасы тереңде жатқан іс-шара аудандық орталық кітапханада жалғасын тапты. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай кітапхана төрінде дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге мәдениет қызметкерлері,

жастар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Шара барысында отыз жетінші жылдың қанды қырғынына ұшыраған, әдебиет зерттеушісі, түркітанушы, дарынды ақын, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен еңбек жолы айтылды.

Кітапхана қызметкерлерінің ұсынған Алаш ардақтысы жайлы бейнеролигі көрсетілсе, жас ұстаз Бақытжамал Кеңшілік Оралбек Сықақтың сөзіне жазылған арнаулы нақышына келтіре оқыды. Тарихы тереңде жатқан әңгіме айтылып, Ахмет Байтұрсынұлы мен жары Бәдрисафа анамыз жайлы көрініс көрсетілді. Жүректен жүрекке жеткен әндер шырқалып, шара қатысушылары ұйымдастырушыларға өздерінің ризашылығы мен қатар ақ тілектерін де білдіріп жатты.

Шараның мақсаты - өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеп, ұлтымыздың мақтанышы болған Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын насихаттау болған еді.

Шара қатысушылары мен ұйымдастырушылар мақсатқа жетіп, ұлы тұлғаның рухына тағзым етті.

Осындай мағыналы шаралардың арқасында еш уақытта тарихымыз ұмыт болмасы анық. Ұстазды ұлықтау – ұлағатты іс екенін тағы бір мәрте дәлелдедік.

*Дайындаған  
Толқын ӨТЕС*